

дейінгі білім беру мекемелерінде балалардың жеке басының қалыптасуы мен дамуы педагогтардың педагогикалық технологияларды қолдана білу сауаттылығына да байланысты [3].

Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес елдегі беделді тілдің бірі – халықаралық қатынастағы ағылшын тілі болып саналады. Ағылшын тілі – ХХІ ғасырдың тілі. Ағылшын тілі біздің мемлекетіміздің халықаралық байланыстарын дамытуға мүмкіндік беретін тұлғааралық және мәдени аралық қарым - қатынастардың аса маңызды құралы болып табылады. Қазақстан Республикасының тәуелсіз елге айналып, әлемдік өркениеттің даму жолына түсуі, ағылшын тілін жетік меңгеруді талап етеді. Ал ғалымдардың зерттеуінше, бала жас кезінде тілді қиналмай әрі еркін меңгереді екен. Сондықтан да бүгінгі өскелең уақыт талабына сай білім беруді одан әрі жетілдіру мәселесі толассыз, үздіксіз күн сайын өзгеріп тұрған әлеммен бірге жүрері анық. Балабақшада берілген барлық білімнің бастамасы әрі жан – жақты дамыту түпкі негізінен қалайтын орын. Сондықтан да, балалардың ой өрісін үздіксіз дамыту үшін оқу іс - әрекетін қызықты заманауи ойын арқылы өткізудің маңызы зор. Мен Қарағанды «Bolashaq» жоғарғы колледжінде мектепке дейінгі білім беру және тәрбие мамандығының оқытушысы болып қызмет атқарамын. Бізде эксперименттегі топ бар. Біз олармен үштілде жұмыс жүргіземіз. Болашақ тәрбиешілеріне және мектепке дейінгі балаларға арнап үштілде әр түрлі әдістемелік құралдар мен жұмыс дәптерлерін әзірлеудеміз. Әрине, барлығын байланыстыру, жүйелеу оңай жұмыс емес, бірақ белгілі бір жетістікке жету үшін, «тілдердің үш тұғырлылығының» болуы үшін, нәтижесін көруге болатын сияқты. Үш тілді болу - қазіргі заман талабы. Тиімді қолдана білген кез келген технология білім сапасын арттыратыны хақ. Дамыған елу мемлекеттің қатарына кіру үшін білімді ұрпақ тәрбиелеу керек. Себебі, Қазақстанның болашағы білімді ұрпақтың қолында. Қазіргі жастар - ертеңгі Қазақстанның болашағы.

#### Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы: «Қазақстан - 2050» стратегиясы 14 желтоқсан 2012 жыл.
2. Мектепке дейінгі білім берудің қазіргі жағдайы. Сайт бетінен Б.С. Кожанова <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/v1600014235>.
3. Kzdocs.docdat.com.

**Карим Ж.Қ.**, Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, дене мәдениеті және спорт, ДШЖС-31 тобының студенті  
(Ғылыми жетекші – аға оқытушы, п.ғ.м Б.Н.Абугалиев)

### ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРЫН ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ҮРДІСІНДЕ ПАЙДАЛАНУ

Бүгінгі қазақ мектептерінде ұлттық ойындарды дене шынықтыру пәнінде пайдалану, ұлттық дәстүрлерді жастардың санасына дене тәрбиесі арқылы сіңірумен бірге, халықтың ғасырлар бойы тірнектеп жинаған рухани байлығын бүгінгі заман талабына сай іске қосудың тиімді бір жолы және ұрпақтар сабақтастығын жалғастыру мен олардың үндестігін сақтаудың тәсілі [1].

Бұл барлық ұлттардың ойындарына тән қасиет. Сондықтан олардың барлығы да ұлттық ойындарды дене тәрбиесінің құралы деп біледі. Қазақ халқының ұлттық ойындары, қолданыс ауқымы жағынан диапазоны кең, әржақты болып келеді. Оған себеп болған, әсіресе, көшпелі тұрмысы мен шаруашылық, экономикалық ортасының әсері. Көшпелілер мәдениетінің көш басында тұрған халқымыз өзіндік ерекшелігі бар мәдени орта жасай білген.

Сол халық жасаған бай мұраның бір айырықша бөлігінің сыбағалы салмағы дене шынықтырудың үлесіне тиеді. Ұлттық ойындардың шығу, жасалу тегінің өзі белгілі бір мақсат бірлестігін, тек көңіл көтеру, көз қуанышы ретінде қызметі ғана емес, адамға тән қасиеттерді тұтас алып дамытуға меңзейтінін көрсетеді. Сондықтан мұнда ойын-сауық тұрмыс-салтпен байланысты да, адамның денесін шынықтырып, спорттың небір қиын көп жаттығатын түрлері де, адам ойын шыңдап ой жаттықтырушысы қызметін атқаратындарды да жетерлік. Сонымен ұлттық ойындар басқа жұрттағыдай тек дене шынықтыру құралы ғана емес, бүкіл адами болмыстың дамуы, қалыптасу негізін құрайтын өнер бастаудың да негізі екенін айтуға тиіспіз.

Ұлттық ойындар ұзақ сұрыпталып, біздің заманымызға дейін жеткен халық мұрасы ретінде, әрбір адамның қажетіне жарарлық қалыпқа түсіп, тек дене шынықтырып, адамды дене жағынан ғана жетілдіріп қоймайды, оның адам тәрбиесіне әсері, тигізер пайдасы мол. Ұлттық ойынның қасиеттерін

бүгінгі мектептерде дұрыс, ретті пайдалана білу, ұлтқа тән қасиеттерді мектептің жас буын шәкірттерінің бойына сіңіру, өзі шыққан ортаның қадір- қасиетін ерте біліп, тілін, өз халқына тән имандылық қасиетін, дәстүрін, әдеп- ғұрпын, салт-санасын мектеп қабырғасында қабылдауға мүмкіншілік береді.

Сондықтан дене шынықтыру мұғалімдеріне мектеп бағдарламасын шығармашылықпен жұмыс істеуді жүктейді. Ұлттық ойын, сондай-ақ, ойын атаулының бәрі де жас адамға үйлесе білуді, өз бетімен ойлап шешім қабылдай алатын, қиын жағдайлардан жол тауып дұрыс шыға білетін, үнемі ойлау мен әрекетті әдет еткен, дене, ақыл-ойы бірдей жетілген адамдарды әзірлеуге негізделген [2].

Дене шынықтыру мұғалімдері бүгінгі осы мүмкіншіліктерді дұрыс пайдаланып, оқу жылының басында күнтізбелік жоспар жасағанда, ұлттық ойындарды алдын-ала есепке алып, өз мектептерінің орналасқан географиялық орындарына сай ауа райын есепке ала отырып белгіленулері керек. Сонымен бірге, бүгінгі өтпелі кезеңде мектептің жағдайы да әр жерде әр түрлі. Бұл жағдайда дер кезінде есепке алу, дене шынықтыру сабақтарын дәйекті өткізуге толық мүмкіншілік жасайды.

Ұлттық ойынды мұғалім сабақ барысында пайдалану үшін оны не мақсатпен пайдаланатынын анық, айқын біліп, түсіндіріп, сезінуі мен бірге, өзі сабақта қолданғалы отырған ұлттық ойынды жақсы біліп, одан шығатын нәтижені алдын ала санасында жобалап алғаны дұрыс.

Ұлттық ойынды сабақтың барысында қолданудың негізі - дене шынықтыру сабағының сапасын жақсарту үшін, мұғалім өзінің алдына қойған мақсатына жетудің жолын жеңілдету үшін пайдаланады. Сондықтан ол дене шынықтыру сабағында оқушылардың ұғымын жетілдіріп, табысқа жеткізудің мүмкіншіліктері оңайлатылатын сабақ тәсілдері мен түрлерін іздестіреді. Мұғалім алғашқы бірнеше сабақ бойы ойыннан негізгі бөліміне, одан қайта ойынға көшіп, қайтадан негізгі бөлімге өтеді де, сабақты ойынмен аяқтайды. Бұл әрине, мұғалімнің шеберлігіне, сабаққа мұқият әзірлігіне байланысты. Ұлттық ойындарын сабақтың ортасында пайдалану дене шынықтыру сабағындағы арнайы әдістемелерді дұрыс қабылдап түсініп ұғынуына негізделеді.

Оқушылардың назарын сабаққа аудару үшін мұғалім сабақтың ортасында 5-10 минут оларды еліктіріп, қызығушылығын туғызатын қазақтың ұлттық қозғалмалы ойындарын ойнатып, олардың назарын бір мақсатқа бағыттап, осының негізінде пайда болған ерік-жігерлерін негізгі материалдарға аударады. Ал, ойынды сабақтың аяғында, көбінесе оқушылар негізгі оқу материалдарын меңгерген кезде қолдануға болады. Әсіресе, сабақ бітерге 5-10 минут қалғанда біртіндеп ойынға көшкен жөн. Сабақтың аяғында ойын элементтерін пайдалану, әсіресе, дене шынықтыру сабақтары оқу кестесінің аяғында келгенде жүргізіледі. Дене шынықтыру сабағы оқу кестесінің орта тұсына орналасқанда, көбінесе баяу қозғалмалы ойындарды пайдаланған жөн. Өйткені, оқушылардың үзіліс кезінде байсалды дем алуларына, келесі сабаққа нұқсан келмеуін ескергені дұрыс.

“Ойын дегеніміз жаттығу, ол арқылы бала өмірге әзірленеді” деген П.Ф.Лесгафтың пікіріне көңіл бөле отырып, біз мектеп табалдырығын алғаш аттап отырған оқушылардың дене шынықтыру сабағын сүйіп оқуына көңілдерін аударып, дағдыларын қалыптастыруды мақсат ете отырып, ұлттық ойындарды тәрбие құралына айналдыруды дұрыс деп таптық [3].

Ұлттық ойындардың бір ерекшелігі - олардың басым көпшілігі ешбір затты қажет етпейтіндігі. Сондықтан оны қалаған жерде өткізе беруге болады. Күздің құрғақ, ашық күндерінде таза ауада өткізілсе, қыста мектептің спорт залында өтеді. «Қой мен қасқыр» ойынында дене қимылына жүру, тізені бүгу, қолды көтеру, мойынды, иықты қозғау секілді адамның денесінің шындалуына әсер ететін, қан тамырларының, жүрегінің соғысын жиілететін әсерлер, айла-амал қолдану, жеңіске деген ұмтылыс, бәсеке жарыс элементтері де кездеседі. Сонымен бірге, ойынның өлеңмен айтылатын тұстары оқушыларға әсер беріп көңіл күйлерін көтеріп, топ құрып, топтасып, топқа бөлініп мұғалімнің берген командасын орындай білуге дағдыландырады. Бұл оқушылардың білуге, білімділікке құштарлығын арттырады. Ойлау жүйелерін қалыптастырады. Өмірдің қарама-қарсы күштерден тұратынын аңғаруға баулиды. Денелерін шынықтырып, өмірге жастайынан әзір болуға дайындайды.

«Қой мен қасқыр» ұлттық ойынын таңдап алудағы негізгі мақсат, біріншіден, ойында балалардың тілін, ақыл- ой өрісін, есте сақтау қабілетін дамыту, оларды еліктіріп- қызықтыру. Екіншіден, осы ойын арқылы оқушыларда ұйымшылдық, патриоттық сезім қалыптастыру. Үшіншіден, дене тәрбиесіне байланысты сапқа тұру, шеңбер болып, қол ұстасып тұру, ойындағы қимыл бірлігі, бұйрықпен қозғалу, бір адамға бағынып, тыңдай білу сияқты қарапайым дағдыларды қалыптастыру. Бұл ойынды күрделендіре отырып 3-4 сыныптарда да қолдануға болады.

Сонымен қатар, ауыл мектептері оқушыларының арасында тараған қазақтың қозғалмалы ойындарының көп түрлілігі, олардың ауылдық спорт базасында қамтылмағандығын ескере отырып (спорт алаңдары, спорт залы, құрал-жабдықтары), мектеп бағдарламалары бойынша сабақтарда

кеңінен қолдану дене тәрбиесі жүйесінде оқушыларға негізгі мағына беріп, «Президенттік сынама» нормаларын тапсыруға дайындық жасайды.

Ұлттық ойындарды өмірден бөліп алып қарауға болмайды. Адам өмірінде кездесетін сан түрлі құбылыс осы ұлттық ойынмен астасып, тоғысып жатады. Сондықтан ұлттық ойындардың өміршендігі, оның үнемі жаңарып, өзгеріп, құбылып отыратыны ұрпақтың ауысып жаңарып отыруына да байланысты. Ұлттық ойындар өзінің ұлттық негіздерін сақтай отырып, ұрпақ жаңарған сайын жаңарып, жаңа формалармен түрленіп, өзгеріске ұшырап отырады. Осындай жағдайда өзгеріп қана қоймай, кейбіреуі керексіз болып, ұмытылып қалатындары да кездеседі. Ол оның мүлде керексіздігінен емес, әлеуметтік ортаның, саяси-идеологиялық ахуалдың өзгеруіне де байланысты. Бұл ойындардың бәрінен көретініміз ұлттық ойындары әуел бастан әлеуметтік өмірдің алуан саласын қамтып, сол әлеуметке қызмет ету үшін жасалған. Демек, тарихтың ұзақ-сонар жолында, түркі халықтары өмірдің алуан жолдарынан өтті.

Олай болса ұлттық ойындарды әрі оқу, әрі тәрбие құралы, пән аралық байланыстың дәнекері болады деп айта аламыз.

Бұл жерде біз ұлттық ойындарды пән аралық байланыс құралы ретінде ала отырып, ұлттық ойындардың әмбебап қасиеті ашыла түсеміз. Ол педагогика пәніне тән категориялардың бәріне бірдей қызмет ететінін көреміз.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қанағатов Е.Б. Ұлттық спорт түрлерінің тәсілдері арқылы жастардың салауатты өмір салын қалыптастару әдістемесі. п.ғ.к. дисс., 13.00.04: - Алматы, -2008-1116.
2. Тойлыбаев Б.А. Бастауыш мектеп оқушыларына дене тәрбиесін беруде халықтық педагогика элементтерін пайдалану. п.ғ.к. дисс. Авторефераты, 13.00.04: - Алматы, 1995. – 23 б.
3. Асарбаев А.К. Этнопедагогика ерекшеліктеріне сәйкес дене шынықтыру жүйесін жетілдіруге арналған тұлға қарымы бағдарламасы. //Бастауыш мектеп. Алматы, 2002 ж. 7-9 б.

**Михейлис К.П.**, Карагандинский государственный университет им. Е.А. Букетова, факультет физическая культура и спорт, гр. ФКиС-23, студент.

*(Научный руководитель – ст. преподаватель Соколов Д.А., ст. преподаватель Ставская С.А.)*

### МОНИТОРИНГ ФИЗИЧЕСКОЙ ПОДГОТОВЛЕННОСТИ УЧАЩИХСЯ МЛАДШЕГО ШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА

**Введение.** В настоящее время в различных областях научно-практической деятельности широко используется понятие мониторинг, оно не имеет однозначного толкования и определяется спецификой той сферы, в которой мониторинг применяется. Сложность определения понятия мониторинг связана также с принадлежностью его как сфере науки, так и сфере практики. Он может рассматриваться и как способ исследования социальных и биологических объектов, и как способ обеспечения сферы управления информацией, необходимой для принятия управленческих решений.

В общем смысле мониторинг [1] — процесс наблюдения за объектом, оценивание его состояния, осуществление контроля за характером происходящих событий, предупреждение негативных тенденций развития. Он имеет, как отмечает автор проблемно-целевую направленность, т.е. основан на анализе основных болевых точек и проблем (территории в целом, социальных групп и личностей), поиске нестандартных способов и путей их решения, расчете необходимых ресурсов и изыскании источников финансирования.

Охрана здоровья детей и подростков, учащейся молодежи - важная составляющая политики Главы нашего государства и Правительства страны. Вот почему в основных документах, касающихся социального развития нашей страны, Законах и Государственных программах развития здравоохранения, образования, физической культуры и спорта, принятых за последнее время, Посланиях Президента Республики Казахстан Н. А. Назарбаева народу Казахстана уделяется большое внимание здоровью подрастающего поколения.

Специалисты в области генетики опасаются, что в ближайшем обозримом будущем, если здоровье детей будет по-прежнему ухудшаться, может исчезнуть здоровый генофонд страны. В современной социально-экологической ситуации нужна мощная защита детского организма от заболеваний, в которой особое место занимают занятия физической культурой.

Рациональная двигательная активность является одним из основополагающих условий, обеспечивающих здоровье детей. Мышечная деятельность активизирует обменные процессы,